



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№190
(20664)



12 желтоқсан, сейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz



www.facebook.com/syrboyi_kz/



www.instagram.com/syrboyi_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi_kz

ПРЕЗИДЕНТ

ЖЫЛУ БЕРУ МӘСЕЛЕСІН ТАЛҚЫЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өңірлердің әкімдерімен жылу беру мәселесін талқылады. Атырау, Қарағанды, Павлодар, Маңғыстау облыстарының әкімдері аймақ тұрғындарын жылумен және сумен қамтамасыз ету мәселесі жөнінде есеп берді.

Президент апат болған учаскелердегі жағдайды шұғыл реттеп, халықты жылумен және сумен қамту ісін тез арада қалпына келтіруді және барлық елді мекендегі коммуналдық желілердің үздіксіз жұмысын жолға қоюды талап етті.

Үкіметке жылыту маусымына дайындық кезінде олқылықтар жіберілгені туралы айтылды. Үкімет басшылығы еліміздегі тозығы жеткен энергетикалық инфрақұрылымдағы бұзылу жағдайларын қоспағанда, жалпы ахуал бақылауда екенін мәлімдеді. Апаттық жағдайларға жол бермеу шаралары қабылданып жатыр. Мемлекет басшысы берілген тапсырмаларды орындау үшін Үкіметке және облыстардың әкімдеріне жеке-жеке жауапкершілік жүктелді.

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжановты қабылдады. Қасым-Жомарт Тоқаевқа Ақмола облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы жайында баяндалды.

Президентке өңір экономикасының бірқатар саласында оң нәтижелер бар екені туралы мәлімет берілді. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 530 миллиард теңгеге жеткен. Оның ішінде жеке инвестиция 435 миллиард теңгеден асқан. 154 жоба іске асырылып, 1,5 мың жұмыс орны ашылған.

Марат Ахметжановтың айтуынша, шаруаларды қолдау және қайта өңделген өнім үлесін арттыру шаралары тұрақты түрде қабылданып жатыр. Жыл басынан бері өсімдік майы, өңделген ет, сүт, май, ірімшік және сүзбе сияқты азық-түлік түрлерін өндіру көрсеткіші өскен. Макинск құс фабрикасының 3-кезеңі іске қосылды және «Ақ-Дала Агро» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өндірістік қуаты кезек-кезеңімен артып келеді. Бұл облыстың құс етіні өндіру бойынша елімізде көшбасшы өңірлердің біріне айналуына мүмкіндік берді.

Кездесуде жылыту маусымының барысына да ерекше назар аударылды. Облыс әкімі барлық коммуналдық қызметтің жұмысы қатаң бақылауға алынғанын, Көкшетау және Степногорск қалаларындағы нысандардың кезек-кезеңімен жаңғыртылғанын жеткізді.

Бұдан бөлек, Президентке Көкшетау қаласын дамытуға қатысты бас жоспардың жобасы әзірленгені туралы ақпарат берілді. Бұл жоба қаланың экологиялық және инфрақұрылымдық мәселелерін шешуді көздейді. Сонымен қатар Мемлекет басшысына халықтың тұрмысын жақсартуға және іргелес миграцияны төмендетуге ықпал ететін Агломерацияны дамыту жөніндегі жаңа кешенді жоспардың жобасы таныстырылды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев өңірді одан әрі дамыту, ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу жобаларын іске асыру, инвестиция тарту, сондай-ақ Ақмола облысының қалаларын жылумен үздіксіз қамтамасыз ету жөнінде бірқатар тапсырма берді.

ОБЛЫСТЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР КҮНДЕРІ

СҰЛУ СЫРДАН – АРУ АСТАНАҒА



Өткен аптаның жұма, сенбі күндері Астана қаласында Қызылорда облысының мәдениет және өнер күндері өтті. «Сұлу Сырдан – ару Астанаға» атты өнер мерекесі елорданың 25 жылдығына арналды. Мәдениет және өнер күндері Астана қаласындағы Жастар театры сахнасында Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театры қойған «Жеміле» драмасымен ашылды.

Сп Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

Ш.Айтматовтың бұл шығармасында қалыптасқан дәстүр мен өз тағдыр тақтасындағы тандауға қарсы тұрған жас әйелдің нәубетке толы махаббаты бейнеленді. Жеміленің өміріндегі басты сынақ та осы болатын.

Қойлымды зиялы қауым өкілдері бастаған мәртебелі меймандар мен елордалық тұрғындар тамашалады. Сарыарқаның сарышұнақ аязына қарамастан, театрға келушілер қарасы көп болды. Солардың бірі – біз

пікірлескен Ұлтуған Ағымбай.

– Өзім қызылордалықпын. Астанаға келгеніме біраз уақыт болды. Қыстай осы жаста баламның қасында болмын. Сыр елінің өнерпаздары осында өнер көрсетеді дегенді естіп, күннің суықтығына қарамай келіп отырмын. Біздің елді бекерден-бекер «Сыр елі – жыр елі» деп атамайды ғой. Өнер тұнған халықпыз. Оны мақтан етеміз. Бүгінгі спектакль тамаша болды. Елге деген сағынымыз басылды. Басқа шаралардан да қалаймын, жерлестерімнің өнерін тамашалаймын, – дейді зейнеткер.

Сонымен қатар астаналықтар мемлекет және қоғам қайраткері Т.Жүргеновтің 125 жылдығы аясында Р.Отарбаевтың «Нарком Жүргенов» спектаклін тамашалады. Бұл қойлым Кеңес заманында Халық ағарту комиссары қызметінде жүріп, ұлттың рухын оятуға өлшеусіз үлес қосқан көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің қилы тағдырын баяндайды.

Сыр елінің өнер мерекесі келесі күні Астанадағы «Бейбітшілік және келісім сарайында» «Сұлу Сырдан – ару Астанаға» атты гала-концертпен қорытындыланды.

Елордалықтар алдымен сарай фойесіндегі «Сыр өңірі – Түркі өркениетінің алтын бесігі» атты

көрмені тамашалады. Оған аймақтың жетістіктері мен әлеуметтік-экономикалық дамуын суреттейтін құнды экспонаттар қойылған. Әсіресе, археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылып, жаңғыртудан өткен «Шірік-Рабат сақ жауынгері», «Сығанак ханшайымы» мүсіндерін, айтқас өнерінің ақтаңгері Мұхтар Ниязовқа берілген «Алтын домбыраны» және өзге де жәдігерлерді көңіліңіз қызыға тамашалады. Олардың қатарында Мәжіліс депутаты, айтқаскер ақын Аманжол Әлтаев та бар. Сәтті түскенде ақынмен тілдесіңіз үлгеріңіз.

Суреттерді түсірген Бақыт Есжанов

4-бет



«ҰЛТТЫҚ ҚОР – БАЛАЛАРҒА»: ЖОБАДАН ЕЛ НЕ КҮТЕДІ?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы іске қосылады. Оның шарты бойынша барлық кәмелетке толмағандар Ұлттық қордың инвестициялық кірісінің 50 пайызын жыл сайын алатын болады. Төлем алу үшін баланың ата-анасы не істеу керек? Бұл туралы кеше Tengrinews.kz материалында жарияланды.

БЖЗҚ мәліметінше, өткен жылдары балаларға есептелген сомалар Ұлттық қор активтерінің бір бөлігі ретінде инвестициялана береді. Нәтижесінде қосымша табыс болады. Ал ата-ана не істеуі керек? 2006 жылы және одан кейін туған

балалардың, оның ішінде қорған-шылыққа/камқоршылыққа тағайындалған балалардың заңды өкілдері бүгінде «Ұлттық қор – балаларға» қор бағдарламасына қатысуды қамтамасыз ету үшін бірқатар құжаттарды пысықтағаны жөн.

Фотос: Ашымбеккерекөзден

2-бет

АРХИВ – ҚҰНДЫ ҚҰЖАТТАР ҚАЗЫНАСЫ

Байыптай білгенге, архив шаң басқан қағаздардың жиналып тұратын орны емес. Ол – тарихтың көмбесі, өткен күндердің алтын парақтары сақталған қасиетті мекен.

Сп Айдар САЙЛАУОВ, «Сыр бойы»

3-бет

ТӨРТЕ ОЗҒАН ТӨРЕТАМ

Ынтымағы мен ырысы жарасқан мекендердің қатарында Төретам кенті де бар. Кіреберістен мен мұндайтын нысандар, түрлі сауда орындары кент ажарын айшықтап тұр. Иә, даму мен бірлігін қатар ұстаған халық тынымсыз жұмыстың үстінде жүр. Сапар барысында тіршілігі төрге оған Төретамды түгел араладық.

Сп Айдар САЙЛАУОВ, «Сыр бойы»

3-бет

Құрметті оқырман!

2024 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА «СЫР МЕДИА» ЖШС-НА ҚАРАСТЫ ГАЗЕТТЕРГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРГІЗІЛУДЕ.

«Сыр бойы» газетіне 6 айға жазылу бағасы: жекелер үшін – 4000 теңге, мекемелер үшін – 5000 теңге.

